

Жалғас Сандыбаев: Пайғамбар айтқан хауариждер – осылар

Қазір Ислам атын жамылған ағымдардан аяқ алып жүргісіз уақытқа тап болдық. Аллаға мадақ айта тұрып адам өлтіруден тайынбайтын баскесерлер бүкіл әлемге билік жүргізгісі келеді. Солардың ең қауіптісі – ДАИШ ұйымы. Өздерін «Ислам мемлекеті» деп жариялаған бұл топтың хақ дінімізге қатысы қанша? Шариғат жолын қаншалықты ұстанады? Осы және өзге де сауалдар төңірегінде философия ғылымының кандидаты, Жалғас Сандыбаевпен сұхбаттасқан едік.

– Бүгінде өзін ДАИШ (Ирак және Шам ислам мемлекеті) деп жариялаған ұйымды естімеген адам жоқ шығар. Әдетте, ислам дегенде адамның ақылына мейірім, қайырымдылық, ізгілік пен достық сияқты т.б. көптеген адамгершілік ұғымдар келеді. Ал енді «Ирак және Шам ислам мемлекеті» деген сөзді естігенде дереу майдан алаңы, жан-жақта өліп жатқан адамдар, қайғы, қара киім киген, жүздерінде мейірім жоқ баскесерлерді ойлаймыз. Неге?

Басым бөлігіміз жалпы ДАИШ деген атауды естігеніміз болмаса, оның қалай және қайдан пайда болғанын біле бермейміз. Ирак пен Сирияның аумағында «Әл-Каида» террористік ұйымы мұрындық болып, халықаралық террорист Әбу Мусаб әз-Заркауимен бірге 2006 жылы «Моджаһед шурасының кеңесін» құрады. Кейін бұл кеңеске бірнеше шағын әскери ұйымдар қосылады. Мәселен, «Джайшәт-Таифа әл-Мансура» (Жеңіске жетуші топ әскері), «Джайш Әһлу әс-Суннау әл-Джамаа» (Сүннет және жамағат азаматтарының әскері), «Джайш әл-Фатихин» (Женушілер әскері), «Джунд ас-Сахаба» (Сахабалардың әскері) және т.б. Сөйтіп, 2006 жылдың 15 қазанында осы және бұларға қосылған басқа да шағын әскери ұйымдар бірігіп, Ирак Ислам мемлекетін құрады (ИИМ)

Ирак Ислам мемлекетінің содрлары Сириядағы азаматтық соғысқа дербес әскери күш ретінде тартылғандықтан бұл ұйым 2013 жылдың сәуір айында Ирак және Сирия ислам мемлекеті (ИСИМ) немесе Ирак және Шам ислам мемлекеті (ДАИШ) деп аталды. 2014 жылы бұл ұйым Ирак пен Шам жерінде ислам халифаттығын жариялайды.

– Расында да, қазіргі исламның бейнесі осы ма, әлде, әлемге өзін шариғат заңымен өмір сүретін виртуалды «Ислам мемлекеті» деп жариялаған «халифаттың» исламмен мүлдем қатынасы жоқ па? Олар үшін Исламдағы «адам өлтірме», «зорлық жасама», «қиянат қылма», «зұлымдықтан сақтан» деген сияқты т.б. көптеген адамгершілік құндылықтар мен ұстанымдар маңызды ма? Олар Құран аяттары мен хадистерге дұрыс амал етеді ме?

– Дін исламның негізгі қайнар көздері – Құран және Сүннет (Мұхаммед пайғамбардың қалдырған өсиеттері және амалдары). Бұл екеуі – исламның іргетасы. Кез келген адамның немесе топтың, қоғамның, тіпті, мемлекеттің исламға қаншалықты жақын екенін немесе, керісінше, оның исламнан алшақ екенін білу үшін Құран және Сүннетпен анықтауға болады.

Бойына ислам құндылықтарын сіңірген иманды адам – көркем мінезді адам. Қазақ бұзық, қиянатшыл, көрегенсіз адамды «имансыз» деп айтады. Демек, «иманды» адам – жақсы адам. «Ислам» сөзі бейбітшілік, амандық мағыналарын білдірсе, «мұсылман» сөзі Алланың әміріне бойұсынған деген мағынаны береді. Олай болса, діндар, құдайшыл әрі тақуа адам қалайша Алланың әміріне қарсы шығып, басқаларды қанішерлікке шақырмақ, жазықсыз адамдардың жанын алмақ?! Өйткені, Құранда Алла тағала былай деп әмір етеді: «Бір-бірлеріңді өлтірмеңдер. Расында, Алла сендерге ерекше мейірімді. Ал кім айтылғанды дұшпандық, зұлымдықпен істесе, оны жақында отқа саламыз. Бұл – Аллаға оңай» (Ниса: 29-30).

Енді ДАИШ содырларының жарнама үшін салып отыратын, ғаламторда толып жүрген бейнероликтеріне назар салсаңыз, онда олардың қатыгездігі мен қаншерлігін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Мұнда жұрт алдында үлкен немесе кіші, мұсылман немесе кәпір деп айырмастан жазалау рәсімін жүзеге асырады. Жазықсыз жандар аяусыз атылып, асылып, бастары кесіліп, қойша бауыздалып жатады.

Шынайы исламда жазықсыз адамды өлтіру былай тұрсын, жануарды да қинауға тиым салынған. Тіпті, имам Бұһаридің сенімді хадистер жинағында бір әйелдің мысықты тамақтандырмай аш қалдырғаны үшін тозаққа түскені туралы хадис бар. Бұл әйел мысықты қамап, оған тамақ бермеген, не оның өзіне тышқан аулап ұстауына мүмкіндік жасамаған екен. Сол үшін оны Алла тозаққа түсіріпті (Әл-Асабатү фит-Тамиизи әс-Сахаба кітабы). Сондықтан да дінді қадір тұтқан қазақ малды еш уақытта қорламаған. Бала кезімізде ауылдағы апаларымыз: «Малды теппе – обал болады» деп айтушы еді.

Егер ислам жануарды қинаған адамды осылай жазаласа, онда кінәсіз адамдарды қинаған, оларға күш көрсеткен немесе жарып жибергендерге қандай жаза бермек?! Исламда адам өмірі, оның құқығы қасиетті ұғымдар саналып, қатты сақталады. Адамға жан беріп, оған өмір сыйлаған – Алла. Адамның жаны – Алланың оған берген аманаты. Адамның жанын алуға Алладан басқа ешкімнің құқығы жоқ: «Өлтірілуіне Алла тыйым салған кісіні нақақтан өлтірмеңдер, тек заңға сәйкес болмаса. Ол мұны сендерге әмір етті, бәлкім, түсінерсіңдер» (Әнғам: 151).

Ислам жазықсыз адамдарға қарсы басқыншылық жасауға тыйым салады. Жазықсыз адамға оның өміріне, жеке мүлкіне немесе ар-намысына қатысты қандайда бір басқыншылық жасауға рұқсат бермейді. Исламдағы бұл қағида барлығына тең. Ислам тарихында Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) өзінің «Хадж әл-Уадағ» (қоштасу қажылығында) халыққа қарап, адамның өміріне, жеке мүлкіне және ар-намысына Қиямет күніне дейін қол сұғылмауы тиіс екенін былай айтқан: «Қиямет күнінде адамдар арасында алынатын есептің біріншісі – адам өлтіру» (Мүслимның риуаяты). Исламдағы бұл талап тек мұсылмандар үшін емес, бәлкім, сол мұсылман мемлекетінде жасап жатқан барлық адамдарға қатысты. Бейбіт өмірді былай қойғанда, тіпті, ұрыс заманында да ислам соғысқа қатысы жоқ бала-шағаны, кемпір мен шалды, әйелдер мен өзге дін қызметкерлерін қинауға, атуға тиым салған.

– Сонда исламның атын жамылған бұл ұйым исламдағы негізгі қағидаттарды қаншалықты ұстанады?

– ДАИШ содрларының кейбір ұстанымдары мынадай: мұсылман емес адамды күштеп дінге кіргізу, болмаған жағдайда өлтіріп тастау; Өзін мұсылманмын деген адам намаз оқымаса – кәпір, кәпірдің үкімі – өлім; Мұсылман емес мемлекетте өмір сүрген адам – тағутқа табынады. («Тағут» араб сөзі – адамдардың Алладан басқа құдай етіп табынатындары); Патшасы намаз оқымайтын мемлекет – кәпірлердің мемлекеті; Өзін мұсылман санаған адам кәпірдің мемлекетінен мұсылман мемлекетіне немесе ДАИШ-ке (халифатқа) көшуі керек; Намаз оқымайтын отбасынан ажырау қажет. Ер адам намаз оқымайтын әйелін талақ етеді немесе әйел өзінің намаз оқымайтын күйеуімен ажырасуы қажет және т.б.

– Енді содырлардың осы ұстанымдарына байланысты жауаптарды Құран және сүннеттен іздеп көрсек...

Бірінші ұстанымға қатысты жауап: Бұған нақты жауапты Алла тағаланың мына аятынан көреміз: «Дінде – күштеу жоқ» (Бақара: 256). Демек, исламда басқа біреуді дінге күштеп, зорлап кіргізу деген жоқ. Дінді әркім өзі еркімен, қалауымен және махаббатымен көңіл қойып қабылдайды. Ислам тарихында да бұған мысалдар жетерлік. Бірде бәдәуи келіп, сахабалармен тұрған пайғамбардың (с.ғ.с.) жағасынан шап береді де, дөрекі сөздер сөйлейді. Оның жағасынан қатты ұстағаны сонша, пайғамбардың мойнында қызарып шапанының ізі қалады. Пайғамбардың қасында тұрған Омар сияқты батыр сахаба әлгі әдепсіз бәдаудің сазайын беру үшін қылышын жалаңаштаған уақытта пайғамбар оны ақырын ғана тоқтатты. Сөйтіп, әлгі бәдауимен жылы сөйлесіп, керісінше оған сый-құрмет көрсетеді. Кейін, сол бәдауи мұсылман болады.

Екінші ұстанымға қатысты жауап: Құранда мынадай аят бар: «Ей, адам баласы! Шын мәнінде, сендерді бір ер, бір әйелден (Адам, Хауадан) жараттық. Сондай-ақ бір-бірінді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық» (Хужрат: 13). Демек, адамдардың әртүрлі болуы, ұлттар мен ұлыстар, этностық топтар болып бөлінуі – Алланың жаратылысы. Алла тағала Құранда ешкімді қатыгездікке, дұшпандыққа шақырып отырған жоқ, керісінше, бір-бірлерінді танып, араласып, тату-тәтті өмір сүруге шақырады. Егер Алла қаласа, онда біздерді ұлттар мен ұлыстар етіп жаратпай, барлығымызды бір үмбет етіп жасайтын еді. «Ей, Мұхаммед! Егер Раббың қаласа, адамдарды бір-ақ үммет қылар еді» (Һуд: 118) делінген Құранда. Сондықтан, бір мемлекетте түрлі адамдардың бірге өмір сүруі және олардың алуан түрлі болуы – тағдыр. Мұсылман адам тағдыр мәселесінде таласпайды. Өйткені, тағдырға қарсы келу – Құдайдың әміріне қарсы шыққанмен тең.

Исламда барлық адамның құқығы да тең. Исламда намаз оқитын және намаз оқымайтын, мұсылман немесе өзге дін өкілі деп ажыратылмайды. Ислам тарихында бұған дәлел көп. Солардың бірі мына оқиға: Халифа Омардың кезінде бір яһуди хазіреті Әлидің үстінен шағым айтып келеді. Сонда Омар: «Сен яһудисің, ал, сен Әли – мұсылмансың» деп ешкімді бөліп-жарған жоқ, керісінше, шағымданушы яһуди де, Әли де разы болатындай

әділ үкім шығарды. Ал енді кім: «Лә иләһа ил-лалла» деп кәлимасын келтірсе, сол – мұсылман. Оған «Сен мұсылман емессің» деп айтуға ешкімнің құқығы жоқ. Ал енді, ол қандай мұсылман – бұл басқа мәселе. Яғни, ол иманы әлсіз мұсылман ба, күнәһар мұсылман ба? Мұның ұйғарымын Аллаға тапсырған жөн.

Үшінші ұстанымға қатысты жауап: «Мұсылман емес мемлекетте өмір сүрген адам тағутқа табынады» деген сөздерінің астарында мынадай мағына жатыр: мұсылман емес басшының айтқанын істеп, соған табынған болады. Оның оған бойұсынғаны табынғаны болып саналады. Олардың мұндай ұстанымы қоғамда анық бүлік шығаруды көздейді. Ал Құран бүліктен қатты қайтарған: «Бүлік шығару – адам өлтіруден де ауыр күнә» (Бақара: 217). Өйткені, бүлік салдарынан қанша кінәсіз адамдар жер жастануы мүмкін. Бүлік – ұйып отырған елдің тыныштығын бұзып, берекесін қашырады. Сондықтан да бүлік шығарушы адамға Алланың мейірімі де болмайды. Құран бізге осыны айтады: «Алла бүлік шығарушыларды сүймейді» (Майда: 64).

Төртінші ұстанымға қатысты жауап: Біз бұл ұстанымға қатысты жауаптың бір шетін жоғарыда қарастырдық. Шынайы ислам, ДАИШ содырлары айтқандай, қоғамды «мұсылмандар» және «кәпірлер» деп бөлмейді, керісінше, бірлікке шақырып, аразданған адамдарды жарастыруға жігерлендіреді. Термези, Әбу Дәуіт және Ибн Мәжаһтың хадистер жинақтарында мынадай хабар келеді: Бір күні Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) сахабаларға қарап: «Сендерге мәртебесі жағынан ораза, намаз және садақадан да абзал нәрсе жайында хабар берейін бе?» деп сұрайды. Сахабалар бір ауыздан: «Әрине» дейді. Сонда пайғамбар: «Ол – қырқысушылықты жарастыру» деп айтады. Бұған қоса, ислам басшыға бағынуға әмір етеді: «Ей, мүминдер! Сендер Аллаға бойсұныңдар, пайғамбарға бұйсұныңдар және өздеріңнен болған басшыларға да бұйсұныңдар» (Ниса: 59) дейді.

Бесінші ұстанымға қатысты жауап: Негізінде, мұсылман адам кәпірдің мемлекетінен мұсылман еліне көшуі керек деген ұстанымды бұлар сонау пайғамбардың (с.ғ.с.) дәуірінен алады. Меккенің мүшриктері Мұхаммед пайғамбарды (с.ғ.с.) қаладан қуған кезде ол кісі мәжбүрліктен Мәдине шаһарына көшкен болатын. Міне, ДАИШ содырлары осы уақиғаны дәлел ретінде алға тартады. Сөйтіп, олар мұсылман қысымшылық көрген кәпір қоғамынан шығып, мұсылман еліне көшуі қажет деп санайды. Бірақ, олар бір жағдайды естен шығарған сияқты. Біріншіден, Мұхаммед пайғамбарды (с.ғ.с.) қаланың мүшриктері қуып шығарды, яғни, ол кісі Меккеден мәжбүрлікпен көшті. Ол өз еркімен қашып шыққан жоқ. Сондай-ақ, қаладан шығып бара жатып, артына қарап, «Уатани, уатани» яғни, кіндік қаны тамған жерді қимай, көздеріне жас алып: «Отаным, менің отаным...» деп айтты деген хабар бар. Бұл уақиға ислам тарихында анық айтылады. Ал біздің мемлекетте қандай мұсылманға діні үшін қысымшылық жасалып жатыр немесе ұстанған діні үшін кімді елден аластатып жатыр? Ешкімге де мұндай қысымшылық жасалып жатқан жоқ. Емін-еркін өмір сүр, отбасыңды асыра, еңбегіңді жандандыр, қалаған дініңді ұстан. Өкінішке қарай, осындай насихатты

естіген білімсіз қазақ жігіттері отбасыларын алып, Сирияға жиһадқа шығып кеткенін жақсы білеміз. Халықаралық БАҚ ақпараттарынан естіп отырғанымыздай, ДАИШ-ке жан-жақтан адасып келіп жатқан жастар сол «кәпір» мемлекеттерінен қашып, халифатқа келіп жатырмыз деп ойлап, адасқандар.

Алтыншы ұстанымға қатысты жауап: Бұл мәселеге қатысты тағы да айтарымыз: «Дінде күштеу жоқ» (Бақара: 256). Қазақ: «Құдай қосқан қосағыңмен ағар» дейді. Алла екі жасты қосқан екен, енді өмірдің ағын да, қарасын да өмірлік серігімен бірге көреді. Қайта, егер шынайы мұсылман болса, онда: «Сендердің ең жақсыларың – әйеліне және қыздарына ең жақсы мәміледе болғандарың» деген хадиске амал қылғаны жөн (Байһақидің риуаяты).

– ДАИШ ұйымы туралы айтылған көзқарастар мен пікірлер әртүрлі бағытта өрбіп жатады. Ал сіз не дейсіз?

– Мынаған назар аударайық: БҰҰ миссиясымен БҰҰ-ның Адам құқы жөніндегі Жоғарғы комиссарының басқармасы Ирактың солтүстік аудандарындағы халықаралық гуманитарлық құқықтың бұзылуына қатысты бірлескен баяндамасында Адам құқығы жөніндегі басқарманың баспасөз хатшысы Руперт Колвилл былай деген: «Бұлар – зорлау, өлтіру, жаппай жазаға тартып, дарға асу, ұрлау, мешіттер мен шіркеулерді қирату, әйелдерді жыныстық құлдыққа салу, балаларға зорлық-зомбылық көрсету және оларды ұрыс іс-қимылдарына тарту сынды қылмыстар». Сонымен қатар баяндама авторлары Ирактағы шиіт, христиан, түркімен, күрд, езид сынды этникалық әрі діни азшылық өкілдеріне жүйелі түрде шабуыл жасалып жатқандығын мәлімдеді. Бұл бар болғаны екі айлық бақылау нәтижесі негізінде жасалған баяндама. Ал енді ДАИШ-тің қолында тұтқында оннан астам ай болып, еліне аман оралған француз журналисті Дидье Франсуа «CNN»-ге берген сұқбатында мынадай жәйтті айтқан. Ол он ай бойы ДАИШ мүшелерінің Құран оқып отырғандарын көрмеген, не ислам жайында айтқан әңгімелерін естімеген немесе бөлмелерінде бір де бір Құран нұсқасын байқамаған: «Ешқашан Құран тәпсірінің түсіндірмесіне қатысты әңгімені немесе исламға байланысты уағызды айтып отырғанын естімедім. Олардың Құранға ешқандай қатысы жоқ. Олардың өздерінде Құран жоқ еді және оны бізге де бермейтін...» дейді.

ДАИШ содырларының тарапынан адамға жасаған айуандық әрекеттерін көрген кейбір ислам ғалымдары оларды Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) айтып кеткен адасушы хауариждер тобына да жатқызады. Өйткені, олардың киім киістері, адамдардан ерекшеленуі, адамды қойша боуыздаулары, нақты дәлелдерді керек етпестен күмәнге сүйеніп, адамның тағдырын шешу, олардағы қатыгездік сияқты т.б. сипаттары пайғамбардың хауариждер туралы айтқан сипаттарымен сәйкес. Сондай-ақ, араларында танымал, мұсылман әлемі мойындаған немесе есімі белгілі пәтуә беріп отырған ғалымдары да жоқ...

Ал енді хауариж дегеніміз кімдер? «Хауариждж» араб сөзі – қарсы шығу, бөлініп шығу сияқты мағыналарды қамтиды. Мемлекетте бүлік шығарған

саяси-діни топ. Олар мұсылман мемлекетінің үшінші халифасы Осман ибн Аффанды сарайында Құран оқып отырған жерде өлтірген. Кейін олар төртінші халифа, пайғамбардың күйеу баласы Әли ибн Әбу Талибті де өлтіреді. Пайғамбар хауариждер турасында: «Олар жаратылыстың ең жаманы» деп айтқан (Мүслимнің риуаяты).

– **Әңгімеңізге рахмет!**

(ссылка:<http://e-islam.kz/interview/item/9027-zhal-as-sandybaev-paj-ambar-ajtkan-khauarizhder-osylar>)